25 қазан Республика күніне арналған мектепішілік жомпарға сәйкес "Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!" атты тақырыпта бірыңғай тәрбие сағаты өтті. #Республикакүні #РеспубликакүніАктөбе2022






Мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына ұйымдастырылған "Мемлекеттік рәміздер-ұлттық бірегейліктің тірегі" аптталығында "Мемлекеттік рәміздер-ел мәртебесі" тақырыбында 8А, Ә, Б кластар тәрбие сағаты ұйымдастырылды. #Рәміздер30жыл #Рәміздер30жылАктөбе2022





Республика күнін мерекелеу жөніндегі облыстық білім басқармасының жоспары аясында мектебіміздің 10 "А" класс оқушылары және класс жетекшісі Нұргул Мағауияқызының ұйымдастыруымен " "Жанашыр Жүрек" акциясы өтті. Акция барысында түскен қаржы мектебімізде білім алып жатқан ерекше білімді қажет ететін балалардың отбасына табыс етілді. #Республикакүні #РемпубликакүніАктөбе2022









Мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына ұйымдастырылған "Мемлекеттік рәміздер-ұлттық бірегейліктің тірегі" апталығы аясында "Ерліктің нышаны- елдіктің белгісі" тақырыбында 10 А, Ә кластар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы: аға тәлімгер А. С. Камаладинова
#Рәміздер30жыл #Рәміздер30жылАқтөбе2022



Республика күнін мерекелеу жөніндегі облыстық білім басқармасының жоспары аясында мектебіміздің 2Б, 5Ә, 7А класс Шаңырақ қауымдастығының ұйымдастыруымен "Республикам менің" тақырыбында мерекелік кеш өтті.
#Республикакүні #РемпубликакүніАқтөбе2022



Мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына ұйымдастырылған "Мемлекеттік рәміздер-ұлттық бірегейліктің тірегі" апталығында "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" тақырыбында 2-4 кластар арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті.
#Рәміздер30жыл #Рәміздер30жылАқтөбе2022



Бүгін мектебімізде Республика күніне арналған бірыңғай диктант жұмысы алынады. " Қыран елім-Қазақстан " тақырыбындағы диктант жазуға 1- 4 кластардан 179 оқушы 5-10 кластардан 247 оқушы катысты. Барлығы 426 оқушыдан алынды.
#Республикакүні #РеспубликакүніАқтөбе2022




Республика күнін мерекелеу жөніндегі облыстық білім басқармасының жоспары аясында мектебіміздің технология пәнінің мұғалімдері 5- 6 сыныптар арасында "Қазақстаным-кең байтақ жерім" тақырыбында

жас суретшілер көрмесі ұйымдастырды. #Республикакүні #РемпубликакүніАқтөбе2022






Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 25 қазан Республика күніне орай 21 қазан күні мектепің спорт залында мемлекеттік әнұранды жаппай орындау бойынша барлық сыныптар арасында әнұран шырқалды.
Мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, ел рәміздерін қастерлеуге, халқының тегі мен тарихын білуге, ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің тұғырын берік ұстауға, нағыз ұлтжанды, рухы мықты азаматтық қасиеттерді дәріптеуге тәрбиелеу. #Республикакүні #РеспубликакүніАқтөбе2022





ҚР Қарулы күштер құрылғанына 30 жыл толуына орай жылдық жоспарға сәйкес АӘД пәні мұғалімі Сарманов А.К кездесу ұйымдастырды.





Күзгі демалысты тиімді пайдалану мақсатында "Қауіпсіз демалыс- 2022" атты 4 класс оқушылары арасында еркін форматта сурет байқауы ұйымдастырылды. Класс жетекшілері :
Кушкинбаева О.С Оспанова А.






2022 жылдың 6 қараша күні Әйтеке би ауданы ПБ қызметкерлерімен бірге "Жасөспірім" жедел профилактика негізінде рейдтік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты кәмлетке толмаған жасөспірімдердің мезгілсіз уақытын жүруін болдырмау, құқықтарын бұзылмауын қадағалау. Бұл іс-шараға

мектеп әкімшілігі, мұғалім, класс жетекші және ата-ана қатысты. @aitekebi_bilim_bolimi@policeaitekebi#құқықбұзушылықтыңалдыналу#онкүндік#Ақтөбе2022




2022 жылдың 7 қараша күні Әйтеке би ауданы білім бөлімі Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірбие орталығының 2022 жылғы 3 қараша №752 хаты негізінде кәмлетке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында 8-11кластар арасында "Ертеңінді ойласаң есірткіге жолама! " тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаты ұйымдастырылды. @aitekebi_bilim_bolimi @akt.ogto #салауаттыөмірсалты






"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында атаулы жылдар бойынша жоспарланған жұмыстар аптаның бірінші күні жиында қорытындыланады.
Бүгін 14 қараша күнгі жиынды 10"А" класс оқушылары Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығына арнады. #Оқуғақұштармектеп



Оқушының санасын улайтын түрлі қауіпті сайттардан қорғау мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде «Қауіпсіз интернет» атты ақпараттық науқаны ашылып, іс-шаралар жоспарланды. Науқан барысында " Интернет әлеміне саяхат" тақырыбында 11 "А" сыныбында сынып сағаты өтті. #қауіпсізинтернет










2022 жылғы 10 – 20 қараша аралығында өтіп жатқан "Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқан аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде онкүндік жұмыс жоспары

құрылып, бекітілді. Жоспар барысында 10 қараша күні 10 класс оқушылары арасында " Құқығым бар..." тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.
#құқықбұзушылықтыңалдыналу#онкүндік#ақтөбе2022





14 қараша күні жылдық мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес 1 "А" класында " Адамгершілік- асыл қасиет " тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.
Класс жетекшісі: Г.С.Абилова






2022 жылғы 10 – 20 қараша аралығында өтіп жатқан "Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқан аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде онкүндік жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар барысында 14 қараша күні 6 класс оқушылары арасында " Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында сынып сағаты өтті.
#құқықбұзушылықтыңалдыналу#онкүндік#ақтөбе2022




2022 жылғы 10 – 20 қараша аралығында өтіп жатқан "Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқан аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде онкүндік жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар барысында "Балалық шақты бірге қорғайық "тақырыбында оқушылардың жеке жетістіктері жарияланды.
#құқықбұзушылықтыңалдыналу






2022 жылғы 10 – 20 караша аралығында өтіп жаткан "Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқан аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде онкүндік жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша оқушылар КТІЖИ мен кездесті. КТІЖИ Енсепбаев Жеңіс Маратұлы оқушыларға құқықбұзушылық ,жаза туралы толық ақпараттар беріп, диалог орнатты. #құқықбұзушылықтыңалдыналу#онкүндік#ақтөбе2022





2022 жылдың 16 қараша күні аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы келіп 8-11 класс оқушыларына "Дін мен дәстүр егіз ұғым" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. @aitekebi_sayasat @aitekebi_meshiti





Оқушының санасын улайтын түрлі қауіпті сайттардан қорғау мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде «Қауіпсіз интернет» атты ақпараттық науқаны ашылып, іс-шаралар жоспарланды. Науқан барысында " Адам және ғаламтор" тақырыбында 2-4 кластар аралығында сурет байқауы ұйымдастырылды.#қауіпсізинтернет#құқықбұзушылықтыалдыналу#онкүндік#Ақтөбе2022





2022 жылғы 10 – 20 караша аралығында өтіп жатқан "Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқан аясында " Зорлық- зомбылық туралы не білеміз?" айдарымен өзін- өзі басқару ұйымы ашық микрофон ұйымдастырды. #құқықбұзушылықтыңалдыналу#онкүндік#ақтөбе2022







Оқушының санасын улайтын түрлі қауіпті сайттардан қорғау мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде «Қауіпсіз интернет» атты ақпараттық науқаны ашылып, іс-шаралар жоспарланды. Науқан барысында "Интернеттің оң және теріс жақтары тақырыбында 5 кластар аралығында информатика

сабағында графикалық редакторда сурет салу ұйымдастырылды. #қауіпсізинтернет#құқықбұзушылықтыалдыналу#онкүндік#Ақтөбе2022



2022 жылғы 10 – 20 қараша аралығында өтіп жатқан "Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық наукан аясында бүгін 17 караша күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде "Отбасы және бала тәрбиесі " тақырыбында ата- аналарға арналған коуч- семинар өтті. Коуч- семинарда жалпы бала тәрбиесімен қоса қауіпсіз интернет туралы ақпарат та ата- аналармен талқыланды.#құқықбұзушылықтыңалдыналу#онкүндік#ақтөбе2022



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 6"ә"класс оқушыларының қатысуымен"Кім көп біледі?" атты сұрақ-жауап сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты: оқушылардың алған білімдерін тексере отырып,ақыл,ой-өрісін дамыту. Жылдам - тез жауап берген оқушылар 1,2,3 орынды иеленіп мақтау қағазымен марапатталды. Ұйымдастырушылар: мектеп кітапханашылары. #оқуғақұштармектепжобасы



2 "Ә" класында жылдық жоспарға сәйкес " Бес сезім мүшесі" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Класс жетекшісі: Г.А.Балмашева



8 "А" класында жылдық жоспарға сәйкес М. О. Әуезовтың 125 жылдығына арналған "Дәуірдің дара тұлғасы" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Класс жетекшісі: Ж. А. Абылай





Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде " Алтын күз- 2022" мерекесінде 1-4 кластар арасында " Күз ханшайымы- 2022" байқауы өтті. Байқау нәтижесінде 1-2 кластар арасында КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ атағына Қайрат Жұлдызай ие болса, 3-4 кластар арасында КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ атағын Сәндібек Айару иеленді.





Мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес "Адам өмірі басты құндылық"тақырыбында 10"А"сыныбында ашық тәрбие сағаты өтті.
Тәрбие сағатының мақсаты:Оқушыларға өздері қоғамның болашағы екендігін,сол болашақтың тағдыры өздерінің қолдарында екендігін ұғындыру.Ата-бабалардың өсиеттерін орындауға,жат қылықтардан аулақ болуға,өмірдің қиын мәселелерін шеше білуге,басқа достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. Класс жетекшісі: Ермаханова Н.М.








Әйтеке би ауданының әкімі жанынандағы кәмлетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың ұйымдастыруымен " Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" , "Отбасы" акциялары бойынша Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 9-11 класс оқушыларымен кездесу өткізілді.
@aitekebi_akimat @policeaitekebi





16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне орай 1- 11 класс аралығында тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, семинар конференциялар, ауызша журнал, театрланған сабақтар,экскурсия сабақтары өтті. #ТӘУЕЛСІЗДІККҮНІАҚТӨБЕ2022





16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіз елім тірегім" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып,ауызша библиографиялық шолу жасалды. Мақсаты:оқушыларды Қазақстан Республикасының 31 жыл ішінде жеткен табыстарымен таныстыру. Оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру,тәуелсіздік,бостандық,еркіндік ұғымдарының тарихи маңызын түсіне білуге тәрбиелеу. #ТӘУЕЛСІЗДІККҮНІАҚТӨБЕ2022





Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында мектебімізде 7-12 желтоқсан аралығында мектепішілік шахмат олимпиадасы өтті. Олимпиада нәтижесінде ер балалар арасынан
І орын - Асу Әбдіқадір ІІ орын- Құрманғалиев Ерғазы ІІІ орын - Әкімгерей Асар
Қыз балалар арасынан І орын- Алшанова Нұрдана ІІ орын- Күншығарова Айжұлдыз ІІІ орын- Базарбаева Іңкар иеленіп, марапатталады. #ТӘУЕЛСІЗДІККҮНІАҚТӨБЕ2022





Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде тәуелсіздік мерекесіне орай Республикалық бірыңғай" Жас Қыран" және " Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны өтті. #ТӘУЕЛСІЗДІККҮНІАҚТӨБЕ2022





1"Б" , 2" А" , 4" Б" ,10 "Ә" кластарынан құралған " Шаңырақ" қауымдастығының ұйымдастыруымен 16 желтоқсантәуелсіздік күніне " Желтоқсан- тәуелсіздіктің бастауы" тақырыбында желтоқсан қаһармандарын еске алу кеші өтті. #ТӘУЕЛСІЗДІККҮНІАҚТӨБЕ2022





Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережесіне , оның ішінде электр аспаптарын пайдалануды үйрету,сондай ақ жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында, сапалы және сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін 7"Б" класында "Электр тоғымен ойнау өте қауіпті " тақырыбында тәрбие сағаты өтіп, оқушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтау және станцияларына (трансформаторлар, кәбілдер мен сымдар, соның ішінде қоршаулар) жақындауға тыйым салу туралы құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. #ҚауіпсіздікережелерАқтөбе #ҚауіптіэлектртоғыАқтөбе



" Сымбат " қыздар клубының жетекшісі: А.Мырзағұл ұйымдастыруымен " Адам бойында бәрі де әдемі , сұлу болуға тиіс" тақырыбында 5-11 кластың қыз балаларына арналған қыздар жиналысы өтті.



Жылдық жоспарға сәйкес " Қазақ әлемінің падишасы- Роза Бағлановаға 100 жыл" тақырыбында 6 "Ә" класында ашық тәрбие сағаты өтті. Класс жетекшісі: А.К.Ешимбетова



Ерекше дарын иесі, өз заманының қайталанбас ақыны, елдің есінде ерекше есіммен қалған - Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай 5 " А" класында "Мен өмірді жырлау үшін келгенмін..." тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Класс жетекшісі А. Мырзағұл



Т Жүргенов атындағы ЖОББМ- інің өзін өзі басқару ұйымының оқушылары ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай "Мұзтаудың мұзбалағы" атты ақын өлеңдерін жатқа оқу челенджіне оқушыларды қатысуға шақырады. #өзінөзібасқару



Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі Ш. Уәлиханов атындағы әскери колледжіне оқуға түсу үшін 9-11 класс оқушыларына кәсіби- бағдар берді.





Мектепішілік жоспарға сәйкес "ӘЛЕУМКТТІК ЖЕЛІ ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС ЖАСАУЫНА ЫҚПАЛЫ ЗОР" тақырыбында 8А, 9Ә, 10Ә класының оқушыларымен тартысты кездесу ұйымдастырылды. "Maksimum" дебат клубының жетекшісі Ж. К. Ешимбетов







Мектепішілік жоспарға сәйкес Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің 80жыл толуына орай ұйымдастырылған "Мұрат шыңына саяхат" интеллектуалды сайысы мектеп парламенті оқушылары арасында өтті.





Мектепішілік жоспарға сәйкес "ҚАУІПСІЗ ҒАЛАМТОР" тақырыбында 5 кластар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.







Мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес "Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. 9"Ә" класс жетекшісі Г. Л. Еспенбетова





Мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес ақпан айының 17-сі күні 1 сынып оқушылары аудандық мұражайға "Ұлы даланың 7 қыры" тақырыбында саяхатқа барды.





6-17 ақпан мектепішілік "Денсаулық -ең басты қажеттілік" тақырыбында мектеп парламентінің ұйымдастыруымен класаралық волейбол жарысы өтті.
I орын - 11 "ә" класс  II орын - 9 "а" класс  III орын -9 "ә" класс
Сонымен қатыр жарыста өздерін үздік көрсеткен оқушылар марапатталды.
Абдуғалиева Дильназ 11 "а" класс оқушысы - "Үздік доп үйлестіруші"
Бердіқұл Парасат 9 "а" класс оқушысы - "Үздік қорғаушы"
Аралбай Думан 9 "а" класс оқушысы - "Үздік шабуылдаушы"
Әлекешұлы Әлішер 9 "ә" класс оқушысы - "Үздік ойыншы" атанды.
Жарысқа көшпелі кубокты алып беріп, демеушілік жасаған мектебіміздің ата-анасы, "Қамқоршылық кеңесінің" мүшесі Тампешов Серікқали.




15-25 ақпан аралығында «Менің қаламдағы/ауылымдағы қауіпсіз жол қозғалысы» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылады. #жолдағықауіпсіздікАқтөбе2023 #жолдағықауіпсіздікақтөбе2023





ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Ұлттың рухын оятқан қайраткер» тақырыбындағы аудандық танымдық конференцияны Т.Жүргенов жалпы білім беретін орта мектебі Темірбек Жүргенов ауылдық округіне қарасты колледж және мектептер арасында ұйымдастырды. Танымдық конференцияның мақсаты – Жүргеновтің тағылымы мол өнегелі ғұмырын кейінгі өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау.

Конференцияның ашылуында аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Д. Сейлханов сөз сөйлеп, Алаш арысының ұшан - теңіз еңбегіне тоқталып өтті.

Конференцияның I бөлімінде Т.Жүргеновтің қайраткерлік, қаламгерлік, азаматтық болмысы жайында жан - жақты тарқатылып айтылды. II бөлімінде 10 класқа танымдық сабақ өтті және мектеп кітапханасында жасақталған Т.Жүргенов бұрышының таныстырылымы болды. III бөлімінде «Қайраткерге арнау» атты оқушылардың ұлы тұлғаға арнап шығарған өлеңдерінен байқау өтті. Шараға аудандық " Жаңалық жаршысы" газетінің бас редакторы Е. Әбдіраев, аудандық мәдениет тілдер дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы К.Е.Баймұратова қонаққа шақырылды. Конференцияның өтуіне Әйтеке би ауданының білім бөлімі, Темірбек Жүргенов ауылдық округі қолдау көрсетті. Сондай- ақ, іс- шараға аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымының төрағасы З.У. Бекетов, аудандық " Қазақ тілі" қоғамының төрайымы Б.А.Жанабергенова демеушілік жасады.






Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен *" _Ер азамат атына лайық бол!"_* тақырыбында 8а, ә, 9а, ә, 10а класының ер балаларына тәрбие сағаты ұйымдастырылды. *Тәрбие сағатының мақсаты* : ер балалардың бойында әдептілік, салмақтылық және жауапкершілік қасиеттерді дәріптеу. @aitekebi_bilim_bolimi @akt.ogto





"Отбасы орта мектеп" жобасы аясында жоспарланған "Әке жауапты лауазым" атты әкелер апталығында "Оқуға құштар мектеп жобасы" бойынша ұйымдастарылған халқымыздың қос ақыны М.Жұмабаев пен С. Торайғыровтың 130 жылдығына арналған "Әкем айтқан асыл сөз" атты мектепішілік 1-4 кластар арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайысқа қатысқан барлық әкелерге АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!!!





1 наурыз Алғыс айту күніне " Әке-жауапты лауазым"апталығының жабылуына "Әкеме мың алғыс" атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. 2"Ә", 4"Ә", 8"Б" класс Шаңырақ қауымдастық. #Алтынжүрек #АқтөбеАлғысайту





«Отбасы – орта мектеп» жобасы аясында жоспарланған«Әке – жауапты лауазым» атты әкелер апталығында «Әкешім - бәйтерегім» атты мектепішілік 5-7 кластар арасында ұлттық спорттық жарыс ұйымдастырылды.





Көктемнің алғашқы күні 1 наурыз “Алғыс айту” күніне мектебіміздің 11 класс оқушылары мектеп ұжымын мерекемен құттықтады. 2023 жылғы түлектерге РАХМЕТ!□□□ #алғысайтукүні #1наурызалғысайтукүні





Аяулы ұстаз Аналар! Қымбатты ұстаз қыздар!
8 наурыз Мерекелі күніменен,
Құттықтаймыз сіздерді.
Көру қандай керемет,
Жаздай жарқын жүздерді.
Жүріңіздер шат күліп,
Шұғылалы таңдардай.
Мынау байтақ әлемде,
Ең бақытты жандардай! 1 «Ә», 5 «А», 8 «Ә» шаңырақ қауымдастықтың мерекелік кеші.





14 наурыз - Көрісу мейрамы, амал мерекесі күні мектебімізде 1-11 сынып арасында " Көрісу айт- ынтымақ пен берекенің бастауы" атты бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.
Бастауыш сыныптар #АқтөбеНаурыз2023, #АқтөбеӘзНаурыз2023




Нағыз тарихтың, өнердің орталығы – мұражай. Ол – мәңгілік құндылықтардың қайнар көзі. Терең тарихтың қойнауына сүңгітіп, сол арқылы жан дүниеңді байытатын орын. 15 наурыз Ғылым күні мектебіміздің оқушылары аудандық мұражайға барып, халықтың өткені жайлы көптеген мәліметтермен танысып, бойларына рухани азық алып қайтты.
#АқтөбеНаурыз2023, #АқтөбеӘзНаурыз2023





16 наурыз – денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған «Денсаулық күні». Бұл күні мектебімізде 5"Ә" класына мектеп медбикесімен бірге « Бақыт дегеніміз-денсаулық!» тақырыбында танымдық сабақ ұйымдастырылды.
#АқтөбеНаурыз2023, #АқтөбеӘзНаурыз2023





Елімізде Наурыз мерекесін тойлау онкүндігі аясында 17 наурыз тарихқа тағзым күні болып бекітілген. Осыған орай мектебімізде 10 класс оқушыларына Т.Жүргеновтің 125 жылдығына арнап " Жүргенов дегенде..." тақырыбында тарихи танымдық сабақ өткізілді. Класс жетекшісі: Мұхамбет Д.Е
#АқтөбеНаурыз2023, #АқтөбеӘзНаурыз2023




Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай мектебімізде 8-10 сынып оқушылары арасында" Мектеп аруы-2023" байқауы ұйымдастырылды. Байқауда 8 ару бақ сынасты.
Байқаудың нәтижесінде:
БАС ЖҮЛДЕ
10 а класының аруы Кәдіржан Дианаға бұйырып, " МЕКТЕП АПУЫ- 2023" атағына ие болды.
10 ә класының аруы Асанғалиқызы Гулфат II ОРЫН
9 а класының аруы Асуқызы Ақнұр II ОРЫН
9 ә класының аруы Авангардова Диана III ОРЫН
9 б класының аруы Жұбаныш  Айкөркем КӨРЕРМЕНДЕР КӨЗАЙЫМЫ номинациясы
8 а класының аруы Асылбекқызы Шынасыл I ОРЫН
8 ә класының аруы Елубаева Айкөрем III ОРЫН
8 б класының аруы Қазбекова Арзу III ОРЫН иеленді.
Байқауға қатысқан барлық аруларға "Комсомол"Аманат бастауыш партия ұйымының төрағасы А.Ж.Шайхина бастауыш партия ұйымы атынан демеушілік көрсетіп,мадақтамалар мен сыйлықтарын берді.
#АқтөбеНаурыз2023, #АқтөбеӘзНаурыз2023





Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай мектебімізде 5- 7 сынып оқушылары арасында" Жігіт сұлтаны-2023" байкауы ұйымдастырылды. Байқауға әр кластан бір оқушыдан қатысып, 8 жігіт бақ сынасты. Нәтижесінде 5 " Б" класс оқушысы Қапан Нұрбақыт ЖІГІТ СҰЛТАНЫ атағына ие болды.





Көктем-ең тамаша жыл мезгілдерінің бірі, себебі оқушылардың сағына күткен көктемгі демалыстары басталады. Көктем- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, жеке қызығушылықтарын дамытатын, денсаулықтарын нығайтатын уақыт. Білім алушылардың көктемгі демалыс уақытын тиімді пайдалану үшін арнайы «Көктемгі демалыс» жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес 6 класс оқушылары арасында С.Торайғыровтың 130 жылдығына арналған " Сөз сұлтаны- Сұлтанмахмұт " челенджі ұйымдастырылды. #көктемгідемалыс





Облыстық білім басқармасы облыс прокуратурасының " Алаяқтыққа қарсы күрес" жоспары аясында "Алаяқтық жасау- ала жіпті аттау" тақырыбында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 8-11 класс оқушыларына Әйтеке би ауданы ПБ бастығының орынбасары М.Т.Әкентай және жас өспірімдер инспекторы А.О.Умирзакова түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жадынамалар таратты.





Сәуір айының 3- і күні 8-11 класс оқушыларына бүгінгі таңда өзге адамның әлеуметтік желідегі аккаунтын пайдаланып, қаржылай көмек сұрайтындар, жеке мәліметтерін алдап алу арқылы картадағы ақшасын иемденетін алаяқтардың әрекеті күшейіп кеткені туралы мәліметтер айтылды. Интернет алаяқтарының көбеюіне не себеп? Ең көп тараған арбау әдістері қандай? Олардан қалай сақтануға болады? -деген сауалдарға жауап берілді. Интернеттегі сауда және қаржы пирамидаларымен байланысты әртүрлі қаржылық алаяқтық схемалары туралы ауқымды ақпараттармен таныстырылып, көрсетілді.




7 сәуір –Дүниежүзілік денсаулық күні жыл сайын бүкіл әлемде аталып өтеді. Осы атаулы мерекеге орай, Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде 7 сәуір күні мектеп медбикесі дене шынықтыру сабақтарына қатысып, «Спорт - денсаулық кепілі» тақырыбында дәрістер оқып, спорт денсаулықты жақсартатынын, таза ауада көп серуендеу керектігін айтты. Денсаулық күнін атап өту, бұл қалың жұртты өз денсаулығына назар аударту, оның маңыздылығын, құндылығын түсіндіру, адамдардың денсаулығын сақтап қалу үшін не істеу қажет екендігін жеткізу үшін өткізілетін іс-шара болғандықтан мектеп директоры да сабақтарға қатысып, салауатты өмір салтын ұстануда мектептің де алар үлесі зор екендігін атап айтты.




2023 жылдың 11 сәуірінде 9-11 сынып оқушыларына Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылық колледжінің арнайы пән оқытушысы Бимагамбетов Аскар Жумаханович кәсіби бағдар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде Аралбайұлы Диас пен Орынғалиев Мади "Жерге орналастыру" мамандығы бойынша емтихансыз, тегін, шәкіртақысымен оқуға қабылдайтындығын растайтын сертификат берілді. @ashk.1977





Өрт қауіпті кезеңде өрт қауіпсіздігі "Қауіпсіз балалық шақ", "Отсыз демалыс", "Менің қауіпсіз демалысым", "Табиғатты өрттен қорғаймыз" тақырыптарында сурет байқауы.
@inkarbekkadirbaiuly




Мектепішілік жоспар бойынша 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне орай "Бірлігіміз жарасқан" атты мерекелік концертімізге шақырамыз!
Ұйымдастырушылар: 1 "А", 5 "Б", 8 ,"А" кластары "Шаңырақ" қауымдастығы.
#БірліккүніменАқтөбе2023 #БірлікҚХААқтөбе2023





1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай тәрбие сағаты өтілді.
6 "А" сыныбында «Бейбітшілік – ел тілегі» атты сынып сағаты өтілді.
Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы халықтардың ынтымақтастықпен, бірлікпен, тең құқықпен өмір сүріп жатқандығын және оны үлгі етіп, әр халықтың салт - дәстүрлерін сақтап келе жатқан қаншама ұлттардың салт - саналарынан хабардар ету, балалардың өз өнерлерін көпшілік ортаға салу арқылы шығармашылық білімдерін көрсету, балалардың жаңа қырларын ашу.
Сынып жетекшісі: А.С.Камаладинова
#БірліккүніменАқтөбе2023 #БірлікҚХААқтөбе2023




7 мамыр - Отан қорғаушылар, 9 мамыр - Жеңіс күндері
мерекелері қарсаңында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінің 5-7 класс оқушылары арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы
аясында «Ерен ерліктері есімізде» атты мәнерлеп оқу сайысы аудандық кітапханамен бірлескен түрде ұйымдастырырылды. @aitekebi_bilim_bolimi





Т. Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің ұстаздар мен жоғары сынып оқушыларынан Мамыр мерекелері мен Жеңіс күні қарсаңында қазақстандықтардың қатысуымен «Еркін ел ұрпағы» атты жалпыұлттық патриоттық диктантты алынды.
@aitekebi_bilim_bolimi#еркінелұрпағыАқтөбе#жалпыұлттықдиктантАқтөбе#Ақтөбе2023диктант





Ақтөбе облысының білім басқармасының №2\1876 хаты негізінде 2023 жылдың 04 мамыр күні Т. Жүргенов атындағы ЖОББМ –інде Әйтеке би ПБ кәмелетке толмағандар істер жөніндегі учаскелік инспектор полиция капитаны А.У. Умирзакова мен полиция лейтененты З.Б. Серікованың қатысуымен «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс өтті. Жиналысқа 8-11 сынып ер балалары, класс жетекшісімен және мектеп әкімшілігі қатысты.
@aitekebi_bilim_bolimi @polisia_aitekebi



7 мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні. Бұл тәуелсіз еліміздің өзіндік қорғаныс қабілеті бар екенін білдіретін мереке. Осы айтулы мереке қарсаңында мектебіміздің 3 "Ә"', 6 "А" , 9 "Ә" кластарынан құралған Шаңырақ қауымдастығы мерекелік концерт ұйымдастырды.
@aitekebi_bilim_bolimi



9 мамыр – Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады.
Бұл мереке – жанкияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн.
Бүгін мектебімізде " ЖЕЛБІРЕ, ЖЕҢІС ЖАЛАУЫ!" тақырыбында 3" А", 6"Ә", 9 " А" кластарынан біріккен Шаңырақ қауымдастығы мерекелік шараны жоғары деңгейде өткізді.
@aitekebi_bilim_bolimi



7 мамыр- Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр-Ұлы Отан соғысының жеңісінің құрметіне орай ұйымдастырылған "Ер борышы- ел қорғау" атты 8-10 кластар арасында әскери спорттық көп сайысы ұйымдастырылды. @aitekebi_bilim_bolimi



"Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасы аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ -де "Жасылмекен" челленджі ұйымдастырылып, биылғы мектеп түлектері мектеп айналасына тал мен гүлдер екті.
#табиғатқамқорлық#заботаоприроде#жасылмекен#еңбекқорлық#жасылмекенАқтөбе#оқуағарту#заботаоприроде#посадкадерева#жасылмекен#еңбекқорлық





"Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасы аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ -де "Жасылмекен" челленджі мектеп ұстаздары арасында ұйымдастырылды.
#табиғатқамқорлық#заботаоприроде#жасылмекен#еңбекқорлық#жасылмекенАқтөбе
#оқуағарту#заботаоприроде#посадкадерева#жасылмекен#еңбекқорлық





15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай өзінің үлкен отбасындағы шынайы қарым- қатынасты сонымен бірге отбасындағы басты ұстаным үйдегі қариялар ұрпақтарына бата беріп, алғысын айтып отыратынын жеткізді. Қазақ бала кезінен ұрпағын үлкеннің алдын кесіп өтпеуге, тек ақ батасын алуға тәрбиелеген.
#отбасықұндылықтары #семейныеценности @otbasy_sayasat_aktobe






"Дені сау отбасы – бақытты болашақ" атты ұранмен 15 мамыр Халықаралық Отбасы күніне орай "Отбасы құндылықтары"және "Оқушыларға психологиялық көмек" тақырыбында Әйтеке би аудандық ауруханасының СӨСҚК дәрігері Жубанышева С.Т және психолог маманы Толтаева З.Д мектебіміздің 10 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.
#отбасықұндылықтары #семейныеценности





17 мамыр күні мектепте кезекті төтенше жағдайлар және өрт кезіндегі қауіпсіздік оқу-жаттығулары өтті. Басты мақсаты – шұғыл жағдайда мектеп оқушылары мен мұғалімдерін көшіру дағдыларын пысықтау. Сынып ұжымдары мұғалімдерімен бірге өрт қауіпсіздігі дабылы бойынша шұғыл түрде мектеп ғимаратын босатты.Оқу - жаттығулары барысында аудандық ТБ қызметкерлері, аудандық аурухана қызметкерлері, аудандық ПБ бөлімінен қызметкерлер келді.
#jattyguaqtobe2023





"Біздің мектеп буллингке қарсы" оқушылар арасында ұйымдастырылған жалпы республикалық флешмоб. Мақсаты: қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарастарына аудару. Буллингке қарсы сана-сенімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға деген ұмтылысты тәрбиелеу.

Жауапты: ДТІЖО: Н. Б. Кудайбергенов Б. А. Жанабергенова. Психолог: Б. А. Дабылова Г. К. Туребекова @aitekebi_bilim_bolimi #біздіңмектепбуллингкеқарсы





ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінмен жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы жоспары аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інде жүргізілген жұмыстар :

1." Адал ұрпақ" клуб мүшелері мектеп директоры Л.Хамзақызымен ашық диалогқа түсіп кездесті.

2. " Өзін -өзі басқару ұйымының " көшбасшысыларына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мастер- класс өткізілді.

3.Байқаңыздар,алаяқтар" айдары бойынша 8,9,10 кластар аралығында кездесу ұйымдастырылды.





Музей бұрынғы мен қазіргі рухани мәдениетті сақтап, насихаттайтын киелі орын. «Өткеніңді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» – демекші, өткен тарихымызды білмей, бүгінгі күннің сауалдарына жауап іздеу мүмкін емес.

Біздің мақсатымыз оқушыларды өткенге көз жүгіртіп, болашаққа бет бұруға бағдарлау...

"Музейдегі түн" шарасына қатысып үлесін қосқан 10 "Ә" сыныбы, класс жетекшісі: Д.Е.Мұхамбет





Буллинг - "bully" ағылшын тілінен аударғанда қорқыту деген мағынаны білдіреді. Буллинг дегеніміз - "күштінің" "әлсізге" қорлық көрсетуден (материалды немесе рухани түрде) ләззат алуы.#балалардыңқұқығынқорғау @balalardyqorgau_otbasyaitekebi

Мектепішілік жоспарға сәйкес 5-7 кластың ер балаларымен "Буллинг"," Құқық бұзушылықтың, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу", "Жолда жүру ережелерін болдырмау" тақырыбында Әйтеке би ПБ КТІЖУИ Ж. М. Енсепбаевпен кездесу өтіп,оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. @polisia_aitekebi





"Абайлаңыз-балалар" жедел профилактикалық іс-шаралар аясында 1"Б" класына "Жолда жүру ережесін білесің бе?" тақырыбында ақпараттық сағаты өткізілді. @polisia_aitekebi





2022-2023 оқу жылын аяқтау ТҰЖЫРЫМДАСАМАСЫ негізінде 2023 жылдың 26 мамыр күні 1-4 класс аралығында "Отан-отбасынан басталады"," Кітап-сарқылмас бұлақ", "Татулық-достық кілті" тақырыптарында сыныптық сағаттары өткізілді.





Оқушылардың жазғы қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мамандар шақырылып, ақпараттық сабақ өткізілді.





30.05. күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інде 2022-2023 оқу жылының қорытынды ата - аналар жиналысыны болды.

Жиналыста қаралған мәселелер :

1. 2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі.
Тәрбие ісінің орынбасары: Нурхан Бакытович
2. «Ауылдық жердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы бойынша ақпарат беру. Мектеп директоры: Еспанова Л.Х
3. «Суға шомылу және дала өртін алдын алу» бойынша түсіндіру Әйтеке би төтенше жағдайы бөлімінің аға инженері Қ.Қалиева
4. «Құқық бұзушылықтың, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу және есірткі заттарын зияны», «Жолда жүру ережелерін болдырмау» бойынша түсіндіру КТІЖИ, полиция лейтенанты Ж.М. Енсепбаев
5. Алаяқтық, бала қауіпсіздігі туралы түсіндіру Әйтеке би ауданы ПБ КПТ аға жедел уәкілі полиция майоры М.С Мукангалиев








Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де "Айгөлек" атты жазғы сауықтыру лагерінің ашылу сәтінен. 05.06.2023 жыл.





Мектеп ауласын көгалдандыру және көгеріштендіру арқылы, оқушылардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа деген парасаттылығын, жауапкершілік қарым — қатынасын қалыптастыру. 10 А,Ә кластар жазғы практика.





2023 жылдың 21-ші маусымы күні мектебіміздің 11-ші сынып бітіруші түлектеріне аттестат тапсыру рәсімі болып өтті. Биылғы 2022-2023 оқу жылы бойынша мектебімізден 11-ші сынып бітіруші 33 түлек түлеп ұшты. 6 түлегіміз үздік қызыл аттестатпен бітіріп отыр. Шара барысында мектебіміздің директоры Еспанова Ләззат Хамзақызы түлектерге ақ жол тілеп, аттестаттарын табыстады.

Мектебіміздің жарық жұлдыздары, қалалық,облыстық байқаулардың жеңімпаздары,мектепішілік қоғамдық жұмыстарына белсене қатысқан түлектеріміз Алғыс хаттармен марапатталды.

Ата-аналары мен сынып жетекшілері түлектерге ақ жарма тілегін жаудырып,батасын берді.

Түлектерімізге алдағы уақытта талмас қанат, зор денсаулық,ашық аспан тілейміз. Алдағы уақытта таңдаған мамандығының мықты маманы болуын,алдағы күтіп тұрған жаңа өмір баспалдағынан сүрінбей өтуін тілейміз!





**Тәрбие ісі орынбасары:** **Н.Б.Кудайбергенов**